

Гуанчжоу



Гуанчжоу(дәст.қыт.廣州,пиньинь: *Guǎngzhōu*,бұрын **Кантон** деп аталған) — ҚХР қаласы,Гуандун провинциясының астанасы. Оңтүстік Қытайдың саяси,экономикалық,ғылыми-техникалық, білім,мәдениет және транспорттық орталығы.Гуанчжоу халқы 10 млн адамды құрайды және де үлкендігі бойынша Шанхай мен Пекиннен кейінгі үшінші орынды алады.



- Партия хатшысы: Чжу Сяодан
- Мэр: Чжан Гуаннин
- Аумағы: 7434,4 км*2
- Халқы: 10 млн
- Тығыздығы: 1883 адам/км*2



Гуанчжоу Қытайдың ірі туристикалық, өндірістік, қаржылық және транспорттық орталығы болып табылады. Ашық қала ретінде жарияланғаннан кейін қалада екі экономика-технологиялық даму аймағы құрылды. Бұл аймақтарда өндіріс орындары мен кедендік, саудалық кәсіпорындар орналасқан. Сонымен қатар қала әлемге мақта, жіп, жібек, талшық өндіретін жеңіл кәсіпорындарымен танымал.



Қытайдың басқа қалалары секілді Гуанчжоуда электроэнергия тапшы. Энергия тапшылығы жаз айларында өте қатты сезіледі. Қалада 100 шақты көтерме базарлары, әртүрлі тауарлар мен жүз мыңдаған кәсіпорындар, фабрикалар мен зауыттар бар (кеме жасау, машина жасау, тамақ өнеркәсібі мен тоқыма өнеркәсібіне арналған құрал-жабдықтар жасау т.б.)



Гуанчжоуда жылына екі рет **Кантон жәрмеңкесі** өтіп тұрады (CECF, Canton Fair). Бұл әлемдегі сауда мен өнеркәсіптегі маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Әлем бойынша жәрмеңке мәміле жасау жөнінен үшінші орынды алады.







610 м телемұнара















Назарларыңызға рахмет)